ҚДН – ОА ЖКҚ - KMF МҚҰ несиесі

Орналасқан жері:	Қазақстан
Жоба нөмірі:	55431
Коммерциялық сектор:	Қаржы ұйымдары
Хабарландыру түрі:	Жеке
Экологиялық санат:	ҚҰ
Бекітілген күні:	2024 жылдың 23 сәуірі
Мәртебесі:	**Төлем барысында**
Жоба түйіндемесінің ағылшын тілінде жарияланған күні:	2024 жылдың 07 мамыры

«Ақпаратқа қолжетімділік туралы» директиваның 1.4.2 (iii) тарауына сәйкес: «Банктің оперативтік басшылығы оған Директорлар кеңесі бекітуге өкілеттік берген жағдайларда бекітетін жобалар үшін, жоба түйіндемесінің мазмұны ЕҚДБ құру туралы келісімнің 13 (iii) бабына сәйкес қарсылықтардың жоқтығы туралы хабарлама берілетін тиісті кезеңнің басында Банктің мүшесі – мемлекетке хабарланады»

Жоба сипаттамасы

KMF микроқаржы ұйымына («KMF МҚҰ», «KMF») 10 млн АҚШ долл. (АҚШ долл. немесе беру кезінде айқындалатын қазақстандық теңгедегі баламалы сомада) дейінгі мөлшерде басымдылықты несие бөлу («ЖКҚ кредиті»). Несие Орталық Азия үшін Жастар кәсіпкерлігін қаржыландыру бағдарламасы («ОА ЖКҚ», «Бағдарлама») шеңберінде беріледі, ол Қаржы делдалдарын несиелеу бағдарламасы (ҚДН бағдарламасы) шеңберінде аралас қаржыландыру бағдарламасына қайта құрылатын болады.

Жоба мақсаттары

Несиенң мақсаты: i) экономикадағы қаржыландыру мен дағдыларға қолжетімділігін кеңейту үшін жас кәсіпкерлерге бағдарланған қаржылық және қаржылық емес қызметтерді («ҚЕҚ») қамтитын жаңа өнімді іске қосу; ii) KMF қорландыру базасын әртараптандыру; және iii) жаңа цифрлық сату арналары арқылы KMF өнімдерінің ассортиментін кеңейту.

Өтпелі процеске әсері

ETI (Күтілетін Өтпелі процеске әсері балы): 71 (негіздемелік механизмнің бөлігі ретінде)

KMF-пен мәміле Қазақстандағы «ОА ЖКҚ» бағдарламасы шеңберінде үшінші мәміле болады. Жоба бағдарламаның жалпы мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді және оның *инклюзивтілік (бастапқы)* және *бәсекелестік (екінші)* сапаларына ықпал етеді. Бұл тетік жас кәсіпкерлерге несие беру көлемін ұлғайтуға, KMF әлеуетін арттыру процесін қолдауға және кәсіпорындардың жас иелеріне/басқарушыларына дағдыларды беруге ықпал етеді деп күтілуде.

Клиент туралы ақпарат

KMF МҚҰ ЖШС

2005 жылдан бастап ЕҚДБ клиенті, KMF нарық үлесі 20,8%, активтердің жалпы көлемі 633 млн АҚШ долл., меншікті қаражаттың жалпы көлемі 114 млн АҚШ долл., белсенді клиенттер саны 257 мыңнан астам және 2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша 117 бөлімшелері мен кеңселері бар Қазақстандағы ең ірі жеке МҚҰ болып табылады. KMF МҚҰ негізгі акционерлері Компания капиталының 93,8% көлемінде акциялар пакетін бірлесіп иеленетін бір қазақстандық және төрт халықаралық қор болып табылады. Компанияға Fitch рейтингтік агенттігі тұрақты болжаммен B+ деңгейінде (2023 жылдың 11 желтоқсаны) рейтинг берді.

ЕҚДБ қаржыландыруы туралы ақпарат

10 000 000,00 АҚШ доллары

Жобаның жалпы құны

10 000 000,00 АҚШ доллары

Толықтауыш әсері

Қаржыландыру құрылымы:

(i) ЕҚДБ несие нарығында әлі қол жетімсіз болып табылатын шарттарда жергілікті валютамен қаржыландыруды ұсынады.

(ii) ЕҚДБ нарықтағы клиентке ақылға қонымды шарттармен қолжетімді ұзақ мерзімді несие ұсынады.

Инновациялық қаржыландыру құрылымдыры және/немесе құралдары:

Жоба Орталық Азия нарығындағы жеке және инновациялық құрал болып табылатын сақтандыру өтемақысынан бірінші шығынға және нәтижелер бойынша сыйақыға дейін пайда көреді. СӨБШ және НБС қамтамасыз етудің төмен немесе икемді талаптарын ұсыну бөлігінде KMF қолдауға арналған.

Стандарттарды белгілеу:

Әр түрлі компоненттердің (қаржыландыру; СӨБШ; НБС; ТС) үйлесімі арқасында бағдарлама жас кәсіпкерлердің жеткіліксіз қамтылған сегментінің қажеттіліктерін түсіну және хабардарлықты арттыру арқылы KMF инклюзивті қаржыландыру стандарттарын арттыруға ықпал етеді. ТЫ кешенді пакеті KMF өз өнімдері мен қызмет көрсету тетіктерін жас кәсіпкерлердің қажеттіліктеріне сәйкес бейімдеуге көмектеседі, бұл KMF осы сегменттің әлеуетін пайдалануға мүмкіндік береді және оның қаржылық инклюзивтілік процесін жеделдетеді.

Білім, инновация және әлеуетті арттыру:

KMF МҚҰ МҚҰ үшін оқытуды, консультациялық қолдауды және КМК іс-шаралары шеңберінде кәсіпкерлер басқаратын МШОБ қамтитын бағдарлама шеңберінде әлеуетті ауқымды арттырудан пайда көреді, бұл барлық тараптарға жергілікті нарықта болмауы мүмкін білім мен тәжірибеге қол жеткізуге және оларды пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл өнімдерді жас кәсіпкерлер мен микрокомпаниялар үшін тартымды етуге мүмкіндік беретін ірі қалалардан тыс өңірлерде қызметтердің қолжетімділігін барынша кеңейту және жақсарту үшін қызметтерді цифрлық ұсынуға ерекше назар аударылатын болады.

Қоршаған орта және әлеуметтік сала мәселелері бойынша түйіндеме

ҚҰ санаты (ESP 2019). KMF МҚҰ ЕҚДБ-ның қазіргі клиенті болып табылады және ЕҚДБ-ның жобаларды іске асыруға № 2, 4 және 9 талаптарын, ЕҚДБ-да қолданыстағы корпоративтік және МШОБ үшін несиелерге қатысты әлеуметтік тәуекелдерді басқару нормативтерін одан әрі сақтайтын болады, Банкке өзінің жылдық экоәлеуметтік есептерін тапсыратын болады.

Техникалық ынтымақтастық және гранттық қаржыландыру

KMF МҚҰ ЖКҚ бағдарламасы шеңберінде келесі қолдауды алады:

1) ОА ЖКҚ ұсынатын ТЫ желісі бойынша қолдау ТО өзара байланысты екі компонентін қамтиды:

(i) қатысушы қаржы ұйымдарының әлеуетін арттырудың жеке схемасы: қаржыландыру көзі - ААҚ, сомасы/валютасы – бағдарлама деңгейінде 4 млн Еуро;

(ii) ШБКС көмегімен жас кәсіпкерлер басқаратын МШОБ әлеуетін арттыру: қаржыландыру көзі - ААҚ, валюта сомасы – бағдарлама деңгейінде 6 млн Еуро

KMF семинарларды, іс-шараларды, маркетингтік науқандарды өткізуге және ЖКҚ-ға қатысты өнімдерді оқыту мен ілгерілету үшін пайдаланылуы мүмкін материалдарды дайындауға параллель жарналар енгізеді.

2) Бірлескен инвестициялауға / жеңілдетілген қаржыландыруға арналған гранттар («ТЫ байланысты емес»): Жоба клиенттің мүддесі үшін ЖКҚ несие сомасының 7%-на дейін сақтандыру өтемін ұсынуды көздейді (700 000 АҚШ долл. дейін Бір субнесие шеңберінде 70%-дан аспайды). СӨБШ, егер бар болса, оның

бағдарламаға қатысуы нәтижесінде KMF несиелік шығындарын өтеуге мүмкіндік береді. Жоба сонымен қатар ЖКҚ несие сомасының 3%-на дейін (300 000 АҚШ долл. дейін) нәтижелер бойынша сыйақы (НБС) төлеуді көздейді. НБС ЖКҚ несие беруді тұрақты кеңейту үшін қажетті инфрақұрылымды құруға байланысты бастапқы инвестицияларды ынталандырады және ішінара өтейді деп болжануда. Қаржыландыру көзі: КФБ, сома/валюта: барлығы 1 млн. АҚШ долл. (несиесомасының 10%).

Компанияның байланыс ақпараты

Елена Скуфаляриды
elena.skufa@kmf.kz
+7 (727) 331-74-74
www.kmf.kz
«KMF» МҚҰ, Назарбаев даңғылы, 50, Алматы, 050004, Қазақстан Республикасы

Жоба түйіндемесінің соңғы жаңартылған күні

2024 жылдың 07 мамыры

Өтпелі кезеңді түсіну

ЕҚДБ-ның өтпелі процеске әсерді бағалау тәсілдемесі туралы қосымша ақпарат мына жерде қолжетімді

Коммерциялық мүмкіндіктер

Коммерциялық мүмкіндіктер немесе сатып алулар туралы білу үшін клиенткомпаниямен байланысыңыз.
ЕҚДБ-ның коммерциялық мүмкіндіктері (сатып алумен байланысты емес) мәселелері жөнінде:
Тел.: +44 20 7338 7168
Email: projectenquiries@ebrd.com бойынша хабарласыңыз.
Мемлекеттік сектордың жобалары туралы ақпаратты ЕҚДБ сатып алулары сайтынан табуға болады:
Тел.: +44 20 7338 6794
Email: projectenquiries@ebrd.com; procurement@ebrd.com

Жалпы сұраныстар
Нақты сұраныстарды ЕҚДБ сұраныстар нысанын пайдаланып жолдауға болады.

Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭӘС)

ЭӘС және онымен байланысты Жобаларды іске асыруға қойылатын талаптар (IAT) ЕҚДБ «экологиялық жауапты және тұрақты дамуға» жәрдемдесу бойынша өз міндеттемелерін орындайтын тәсілдерді айқындайды. ЭӘС пен IAT-қа клиенттер үшін ұлттық заңнаманың жұртшылықты хабардар етуге қатысты қолдануға келетін талаптарын орындау бойынша, сонымен қатар мүдделі тараптардың мәселелері мен шағымдарын, соның ішінде клиенттің және жобаның экологиялық және әлеуметтік тиімділігіне қатысты мәселелер мен шағымдарын қабылдау

және оларды шешуге жәрдемдесу үшін шағым беру және қарау механизмін құру бойынша арнайы ережелер кіреді. Жобаның экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері мен әсерлерінің сипатына және ауқымына сәйкес, ЕҚДБ өз клиенттерінен мән-жайларға қарай, жобалармен байланысты тәуекелдер мен әсерлер туралы ақпаратты ашуды немесе мүдделі тараптармен мазмұнды консультациялар жүргізуді, сонымен қатар олардың түсіндірулерін ескеруді қосымша талап етеді7
ЕҚДБ-ның бұл мәселе бойынша іс-тәжірибесі туралы анағұрлым нақтырақ ақпарат ӘӘС-та баяндалған.

Адалдық және белгіленген нормаларды ұстану

ЕҚДБ-ның корпоративтік әдепті бақылау бөлімі (КӘББ) адал басқаруды ынталандырады және Банктің бүкіл қызметінің озық халықаралық іс-тәжірибеге сай ең жоғары адалдық стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді. Жобалардың Банктің беделі үшін қабылдауға келмейтін тәуекелдер болып табылмайтындығын кепілдендіру үшін, Банктің клиенттерінің барлығына қатысты адалдықты кешенді тексеру жүргізіледі. Банк проблемаларды жобаны бекіту және бағалау кезеңдерінде айқындау және шешу Банк операцияларының адалдығын қамтамасыз етудің анағұрлым тиімді құралы болып табылады деп санайды. Осы қорғау шараларында, сонымен қатар жобалардың инвестициядан кейінгі кезеңдерінде адалдық тәуекелдерін мониторингтеу процесінде КӘББ шешуші рөл атқарады.
КӘББ сонымен қатар ЕҚДБ қаржыландыратын жобалардағы алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және заңсыз әрекеттер туралы арыздарды тексеру үшін жауап береді. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық фактісі туралы күдігі бар банктегі, сол сияқты одан тысқарыдағы кез келген тұлға Корпоративтік әдепті бақылау бөлімінің Басшысына compliance@ebrd.comэлектрондық мекенжайына жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Көрсетілген мәселелердің барлығын КӘББ кейіннен шаралар қабылдау үшін қарайды. Хабарламалардың барлығы, соның ішінде бейесімді хабарламалар да қаралады. Хабарламалар Банктің немесе Банк операциялары жүргізілетін елдің кез келген тілінде қалдырыла алады. Ұсынылған ақпарат негізделген болуы тиіс.

Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)

АҚС 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгеннен кейін ЕҚДБ-ның хабардар ету және Банк стратегияларын, саясаты мен операцияларын анағұрлым тереңірек түсінуге және білуге жәрдемдесу мақсаттарында мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу бойынша ЕҚДБ процедурасын анықтайды. ЕҚДБ сайтындағы қолжетімді ақпарат туралы мәліметтер алу үшін Ақпаратқа қолжетімділік саясаты парақшасын қараңыздар.
Нақты ақпаратқа сұранысты ЕҚДБ сұраныстар нысанының көмегімен жасауға болады.

Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз орган (ЖЕБТО)

Егер экологиялық, әлеуметтік саладағы мәселелерді немесе жұртшылықты хабардар ету мәселелерін шешу бойынша Клиенттің немесе Банктің шаралары

күтілгендей нәтижелер әкелмесе (мысалы, Клиенттің шағымдарын берудің және қараудың жобалық механизмі арқылы немесе Банктің басшылығымен тікелей өзара ықпалдасу арқылы), жеке тұлғалар мен ұйымдар өз мәселелерін ЕҚДБ-ның Жобалар бойыша есеп беретін тәуелсіз органы (ЖЕБТО) арқылы шешуге талпыныс жасай алады.

ЖЕБТО Банкпен қаржыландырылатын қандай да бір объект зиян келтірді немесе келтіруі мүмкін деп санайтын жеке тұлғалардың немесе ұйымдардың өтініштерін тәуелсіз қарауды жүргізеді. Бұл орган әлеуметтік саланың, экологияның және жұртшылықты хабардар етудің жобамен байланысты мәселелері бойынша мүдделі тараптар арасындағы келіспеушіліктерді еңсеруге ықпал етуді; Экологиялық және әлеуметтік саясаттың талаптарын және осы жобаға жататын Ақпаратқа колжетімділік саясатының ережелерін Банктің орындайтынорындамайтындығын анықтауды; сонымен қатар, қажет болған жағдайда, аталған нормативтік құжаттарды ұстану Банк тарапынан орындалмай отырған жағдайларды қарауды және келешекте мұндай жағдайларды болдырмауды көздейді.

IPAM және оның мандаты туралы; қалай қайта қарау Сұранысын тапсыру туралы көбірек мәлімет білу үшін Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органның веб-сайтына кіріңіз; немесе IPAM туралы және сұранысты қалай тапсыру керектігі жөнінде нұсқаулық пен қосымша ақпарат алу үшін үшін IPAM-ға ipam@ebrd.com электрондық поштасы арқылы хабарласыңыз.